

Мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 01 қаңтардағы N 46/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 ақпанда N 3433 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 19 маусымдағы N 199/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 19.06.2013 N 199/6 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабының 4-тармағына сәйкес Успен ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Н. Әутәліпов*
" У с п е н а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 3 қ а н ғ а р д а ғ ы
N 4 6 / 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі

жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет атауы: "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру".

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі N 981 қаулысымен бекітілген "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі (бұдан әрі – стандарт).

4. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушылар) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет, Павлодар облысы, Успен ауданы, Успен селосы, Семенченко, 27, Uspcultura@mail.ru, 8-71834-91-4-40, мекен-жайында орналасқан "Успен ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган), жұмыс кестесі демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, сағ. 13.00-ден сағ. 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағ. 9.00-ден сағ. 18.00-ге дейін күн сайын, және де, Павлодар облысы, Успен ауданы, Успен селосы, 10 лет Независимости көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан, телефоны 8(71834) 91-8-40, халыққа қызмет көрсету Орталығы (әрі қарай - Орталық) арқылы демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, сағ. 13.00-ден сағ. 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағ. 9.00-ден сағ. 19.00-ге дейін күн сайын көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап

күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 (жиырма) минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 (жиырма) минуттан аспайды.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әрекеттер (өзара іс-әрекет) тәртібінің сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы стандарттың 11 тармағында белгіленген құжаттарды ұсыну қажет.

Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- 1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

9. Стандарттың 16 тармағымен қаралған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылуы мүмкін.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісі кезінде мынадай құрылымдық-функционалды бірліктер қатыстырылған:

- 1) орталықтың қызметкері;
- 2) уәкілетті органның маманы;
- 3) уәкілетті органның комиссиясы;
- 4) уәкілетті органның бастығы.

11. Құрылымдық-функционалды бірліктердің іс-әрекеттерінің реттілігі осы регламенттің 1 қосымшасында келтірілген.

12. Іс-әрекеттердің логикалық реттілігі мен құрылымдық-функционалды бірліктердің өзара байланысуын көрсететін кесте осы регламенттің 2 қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін тұлғалардың жауапкершілігі

13. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші, жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Әрекеттің (барыстың, жұмыс ағымының) N	1	2	3	4	5	6
Құрылымдық-функционалдық бірліктердің атауы	Орталықтың қызметкері	Уәкілетті органның комиссиясы	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның бастығы	Орталықтың қызметкері
Әрекеттің (процестің, процедураның, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Тұтынушымен ұсынылған құжаттарды қарау	Спорттық разрядтары мен санаттарын беру туралы бұйрық шығарады	Спорттық разрядтары мен санаттарын беру туралы бұйрықтан өзіндінің не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын дайындайды	Спорттық разрядтары мен санаттарын беру туралы бұйрықтан өзіндінің не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасына қол қою	Тұтынушыға Спорттық разрядтары мен санаттарын беру туралы бұйрықтан өзіндінің не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты беру
		Спорттық разрядтары мен		Спорттық разрядтары мен	Спорттық разрядтары мен	Спорттық разрядтары

Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	Тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат	санаттарын беру туралы не спорттық разрядтары мен санаттарын беруге ұсынылған құжаттарды қараудан бас тарту туралы шешім	Спорттық разрядтары мен санаттарын беру туралы бұйрық	санаттарын беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасы	санаттарын беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап	мен санаттарын беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімдері	20 минуттан аспайды	22 күнтізбелік күн	3 күнтізбелік күн	1 күнтізбелік күн	1 күнтізбелік күн	20 минуттан аспайды
Келесі әрекеттің номері	2	3	4	5	6	

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші, жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

Іс-әрекеттердің логикалық реттілігі мен құрылымдық-функционалдық бірліктердің өзара байланысуын көрсететін кесте

